

(Соңы. Басы 2-бете).

қолға алудың қажеттілігін ашу да біздің жерлес ғалым Торғай перзентінің үлесінде екен. Міне, осы тың қадамдары жандандыру, тәжірибе алып толыққанды ету мақсатында көптеген шетелдерде болды. Әлемдік ғалымдар бас қосқан ғылыми конференцияларда баяндама жасап, жоғары баға алды. Сөйтіп экономика мамандарын жанаша даярлау ісінде өз қолтаңбасы қалыптасты. Ғалымның «Ғылым толғамдары», «Нарық халыққа бет бұрсын», «Қазақстан өз бейнесін жасауда көрер көзге кейінге қалдыра береді» т. б. ғылыми мақалалардың авторы Кенжекен — кезінде Ел Президентіне хат жолдап — шетелдік инвестиция және елге тарту ұлттық агенттік құру туралы, ұлттық валютаға көшу туралы құнды ұсыныстар аяқсыз қалмағаны ел есінде.

Тамаша ғалым қоғам және мемлекет қайраткері Кенжекен Әбенұлы кезінде ұлттық ғылым академиясының Президенті болды. Сол тұста бұл

Жасынан ғылым бар деп — өскен ұлан

ғылым ордасын «пайдасыз құрылым» дегендер де болған. Міне, оны нақты қорғау, өркенді елдің болашағы ғылым жетістіктерімен жалғасатындығын нақты дәлел-тұжырыммен жан сала қорғаған ол ғылымның тұтас организмін жан-жаққа тартқылауға жол бермеді. Оны тәлкекке түсуден қорғап қалды.

Жерлесіміз Президент жанындағы Консультативтік кеңестің мүшесі бола жүріп, ұлттық кеңестің жұмысы тобына жетекшілік жасады. Сол жылдары — ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комитеттің төрағасы болды.

Дәл қазіргі тұста Кенжекен — жерлес ғалым, Қазақтың мемлекеттік аграрлық

университетінде — әлемдік ғылым жетістікке жету мақсатында республикада тұңғыш рет Компьютер және тіл дайындығы орталықтарын құруға мұрындық болды. Ол осы ортада жаңадан — биотехнология, агроэкология, халықаралық аграрлық экономикалық қатынас, аграрлық құқық, кеңендік іс тағы басқа салаларға байланысты қажетті мамандар даярлауға жол ашылды, негіз қаланды.

Сол сияқты оқыту мен дайындық нәтижесін тексеруге рейтингтік тестік жүйе енгізілді, фермерлік іс деген мамандық берер салапы да қалыптастырды. Шаруа қожалықтарына жетекшілерінің егіншілік мәдениетін көтеру, малдың санын емес сапасын арт-

тыру — университетті халықаралық дәрежеге көтеру үстінде еңбектеніп, тер төгіп келе жатқан ғалым — аграрлық университетті білім мекемесі ғана емес, мәдениет университеті де болуы керек деп санайды.

Кенжекенді ғылымда, экономикадағы зор табыстары, жаңа еңбектерінің өмірге қажеттілігі, әлемдік деңгейдегі ғалымдық бейбіт те, байсалды ұсыныстарына орай халықаралық беделді ұйым ЮНЕСКО — 1997 жылдың қортындысы мен «Жыл адамы» ретінде марапаттады. Оның Отандық наградалары да жетерлік.

Туған жер топырағына бесінші мүшелі — 61 жасында халқымен жүздесіп отырған ғалым ағамызға: «Жасынан ғылым бар деп өскен ұланға» — Хош келдің, Торғайдың арда ұлы, ардақты азаматы! Елің сүйген перзенті демекшің. Ғылымдық көш керуені сонау әлемдік көкжиектен үнемі жарқырай берсін! Бұл еліңнің мәртебесі халқыңның қолдауы деп білеміз.

Ереке АХАТОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.

Келелі мәселелер қаралды

Үстіміздегі жылдың сәуір айының 6-жұлдызында аудандық мәслихаттың кезекті XXIII сессиясы болып өтті. Сессияға, аудандық мәслихаттың депутаттарымен қатар, аудандағы облыстық мәслихаттың депутаттары, Торғай селосы мен ауыл округтерінің әкімдері, мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты. Сессия жұмысына аудан әкімі **Жақсылық ҒАЙСИН** қатысып сөз сөйледі.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып, қаралды.

Ауданда «Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауына сәйкесті халыққа медициналық қызмет көрсетудің қазіргі жайы және оны жақсарту туралы». Бұл мәселе бойынша, аудандық аурухананың бас дәрігері **Ә. ЖАУЛЫБАЕВ** баяндама жасады. Қосымша баяндаманы аудандық санитариялық станцияның бас дәрігері **Б. Көпжасаров** жасады.

«1999 жылғы арналған аудандық бюджетке ішінара өзгерістер туралы» аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі **А. Ержігітова** хабарлама жасады. Сессияда, басқа да ағымдағы, өзекті мәселелер қаралып, талқыланды.

Негізгі мәселелер бойынша жарыссөзге мәслихат депутаттары **О. Алматы**, Ақкөл округінің әкімі **Р. Бектұрғанов**, Аудандық білім бөлімінің меңгерушісі **К. Данияров** және басқалар қатысты. Сессияда аудан әкімі **Ж. Ғайсин**, ауданның қазіргі таңда алда тұрған негізгі, өзекті істеріне тоқтала отырып, ауыл әкімдері мен депутаттардың бұл бағытта қандай мәселелерге көңіл бөлуі қажеттігіне тоқталды. Сонымен қатар, қаржының тапшылығына орай, ішкі резервтерді тиімді пайдалану, қолда барды барынша ұқсата отырып, аудан бюджетіне түсер қаржыны қалыпқа келтіруге салық инспекциясының алдында тұрған негізгі міндеттерін атап көрсетті. Аудан әкімі алдағы көктемгі сансалалы жұмыстардың ыждағатты қолға алынып, көктемгі дала жұмыстарына алда тұрған өрелі істер төңірегіндегі міндеттерді ашып айта келіп, нақты жұмыстарды тиянақты қолға алудың қажеттілігін жеткізді.

Сессия қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылдады. Алдағы кезекті сессияның күн тәртібі бекітіліп, оның төрағасы тағайындалды. Сессия жұмысына аудандық мәслихаттың хатшысы **С. Жүнісов** қатысты.

ЖӘРДЕМАҚЫ НЕГЕ КЕШІГЕДІ?

Немесе, қордаланған мәселенің түйіні не?..

Қаржы тапшылығы белең алған тұста тығырыққа тірелген саланың оірі халықты әлеуметтік жағынан қорғау саласы. Оның кемшін тұстары тұтас Респуболика бойынша анық та, ашық айтылып келеді. Бұл жағдай өзде де бар. Ауданымыздағы көп оалалы аналар мен асыраушысынан айырылғандарға мүгедектерге берілетін жәрдемақы өтемінің сонау 1987 жылдың екінші жартысынан бастап қордаланып, тиісті жәрдемақыларына уақытында қолдары жетпегендер қатары өзідің ауданда аз емес өзге өңірдегідей оны талап етушілердің елеулі өолігнің реніштер жасап, ауданның тиісті орындарына кінә арғуына апарып жүргені шындық. Сондықтан да олар, кенінгі бір жыл көлемінде аудан әкімі мен аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына шағымданушылар, орынды-орынсыз — оларды айыптаушылар қатары өсеңдемей келді. Бұл — өсіресе, Торғай қаласында тұратын оалаларына жәрдемақы алушы аналар тарапынан күн сайын қайталанып, өздерінде, өзгелерді де мезі еткен жағдай еді.

Міне, осы мәселенің басын ашып, жәрдемақы төлеміндегі іркілістің себептері мен салдарын оны талап етушілермен бірге кеңесе, пікір алыса отырып айқындау мақсатын алға қойған Торғай селосы әкімінің ұйғарымымен, мамырдың 21 жұлдызында аудан әкімшілігінің мәжіліс залында аудан орталығында тұратын аналармен кездесу өткізілді.

Бұл кездесуге, аудан әкімі — **Ж. Ғансин**, әкімнің орын басарлары, әкім аппаратының жетекшілері, аудандық сот, прокуратура, ішкі істер бөлімінің жауапты қызметкерлері, және аудандық Мәслихаттың хатшысы — **С. Жүнісов**, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы **О. Алматы**, аудандағы қайырымдылық қорының алқа мүшелері, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қамту басқармасының және аудандық төлем орталығының қызметкерлері, аудандық радио мен баспасөз өкілдері қатысты.

Кездесуді Торғай селосының әкімі **К. Жүнісов** жиналғандар алдында оған қатысушыларды ашық әңгімеге шақырып, қордаланған өзек-

ті мәселенің сөзі мен салдарын анықтай отырып шешімдер түсінге келудің қажеттігін әңгімеге арқау етті.

Кездесуде «жәрдемақының талап-тарапқа түсіп, басқару оасында отырғандардың қажетіне жұмсалғаны туралы» соңғы уақытта тиісті аудандық прокуратураға дейін арызданушылардың орынсыз «жаным жала, жақтым күне» деген арыз өңгімелерінің көулеу сеооіне және оның шындық пен жалғандығын саралап алудың өзгелерге де тиімді оалатындығын жиналғандарға кеңінен түсінік жеткізу мақсатында **К. Жүнісов** мырза кіріспе сөзінде ашық айтты.

«Былдан астам уақыттан бері тиісті жәрдемақының сегіз айлық қаржысын-яғни, 1988 жылдың төлемін ала алмай жүрген аналар? Ғезия Төлеуова, Мұхамаш Мұмабаева, Наушабаева Мұмағұл, Байкемелова Клара, Әдіғалиева, Зоя, Өтеулина Гүлжану, сияқты аналар өз жәрдем ақыларының өткен 1988 жылдың сегіз айына ала-алмай сеооінің толық бимелемсіз екендігін, сондықтан, әкімге де, тиісті орындарға да жиі барғышпап, жәрдем сұрайтындығын ашық айтты. Олардың оұл талаптарын кездесуге қатысқан өзге аналар мен азаматтар да өздерінің сөздерінде толықтырып отырды. Шындығына келгенде, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қамту басқармасындағы басшыдан бастап, кіші деңгейдегі қызметкерлердің нақты түсінік беруге нем құрайлы қарап, жәрдемақы алу үшін тоқсан сайын тапсырылар құжаттардың бұрысын-оурыс деп шетке итеріп — оны қалай?, қайдан? алудың жөн-жоғасын түсіндірмей, кеудеден итеретіндігін де жасырмады.

Жиналған аналардың осындай көтерген мәселелеріне еңбек және халықты әлеуметтік қамту басқармасының бас тығы **А. Хамитов** жан-жақты түсінік бере келіп.

— 1988 жылдың сегіз айлық жәрдемақысының уақытында тимердің сеооі — 1999 жылға дейін балаларға берілер жәрдемақы мен мүгедектерге берілетін қаржының жергілікті бюджеттен берілуге көшуінен кешуілдегендігін, оған аудандық бюджеттің мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, үстіміздегі жылы облыс

тық басқарма аудан бойынша осы саладағы қажетті қаржының жалпы көлемі мен қым дегге төленуге тиісті тізімді талап етіп алғаны, оны республика бойынша шешу мәселесінің күншіп отырғандығы туралы айтты. ырақ қашан, қалай? Ол өзін белгісіз. Ал оыыл жыл оасынан бастап жәрдемақы төлеу тұтасан респуболикалық оюд жеткен дәлліні отыр. Ол қазір екі-үш айдың жәрдем ақысын алуға мүмкіндік берсе, алдағы уақытта да тиісті есепшіот арқылы келген қаржы тек сол мақсаттағы — тиістілерге берілетіндігін, ал жәрдемақы мен зейнемақының тиісті қаржы арнапы шотқа келіп түсетіндігін, оны өзгелер алып оасқа салаға жұмсалмайтындығын, ондай жағдайдың орынсыз, мүмкін еместігін оайндады. Бұл әлдекімдердің лауызымды орындағы азаматтарға жүйелі қызмет етуге ырық бермеуді көздеген» жұмысқы жатып-патарлық» қулығының оір саласы деп түсінетіндігін ағынан жарыла жеткізді.

— Іас, тиісті құжаттар тапсыруда оның дұрыс оолуына оіз қатаң талап қоюмыз. Әсіресе, ауылдан келгендердің тиісті құжаттары не толық емес, не дұрыс толтырылмады. Соларды қайтадан алу жөнінде нұсқау берілетін оолар, — деген сөлемеге аудан әкімі **Ж. Ғайсин**:

— Сіздердің міндеттеріңіз — халыққа қызмет көрсету! Жетпеген құжаттарын алуға жәрдем жасау. Ал әлеуметтік қамту басқармасындағылар өз міндеттеріңізге жөнді мән бермеңіздер! Тіпті, сонау Қызоелден жаулатып келген аналар мен азаматтарды қабылдамай, талап-тілектеріне құлақ аспай, істің жай-жапсарын түсіндірмей тоңмойындылық танытқандарыңыз жайлы бізге шағымданғандар бар. Яғни Сіздер жәрдемақысын алуға тиісті құжат әкелгендерге кеуде қағып, айбат шегуді ұмытыңыздар! Олай істемесеңіздер, орынды босатуға да тура келеді. Сіздердің мақсаттарыңыз, ең алдымен — көмек беру! Тиісті құжаттарын дайындауға жәрдемдесіп, жөн сілтеу! Ең алдымен, кішпай-лділік пен инабаттылықты алаға қоюларыңыз керек. Жәрдемақының да кешігу себепін нақты түсіндіріп отырсаңыздар, қаңқу сөз, жалған жала

орынсыз арыз оен шағым оолмас еді. Сондықтан, адал дармен тіл тауу мәселесін естен шығарып отырсыздар, — деп келіп, оұл бағытта алдағы уақытта нақты жұмыстардың қолға алыну қажеттігін ескертті.

Жиналғандар арасынан шағын кәсіпкерлер — шеген ауылынан келген **М. Шаманова**, Торғай қаласындағы кәсіпкер **С. Айғожианалар** мұқтаждың қысқан мына тұста, өркімнің өзгеге қол созып, оолмашы көмек үшін бет жұртысып, көрсеністі оолуының тиімді оолмайтындығын, қайта осы тұста аналар мен ооасы — ерлердің жанұяның өзге мүшелерін пайдалану іске жұмылдырып, еңбек ету керектігін, өздерінің осы бағытта оіршама атқарған жұмыстарының нәтижесін айта келіп, өзгеге де көмек беруді жалғастырып отырғандығын жеткізді.

Ал зейнекер **Б. Демесінов** осындай арыз-шағым, әйелдер «әйелдер кеңесінің» ауданда құрылмауында. Сондықтан осындай аналар тілегін ескеретін оір орталық ашылсын деген ұсыныс жасады.

Кездесуде, аудандық ішкі істер бөлімі басшысының орын басары, прокуратураның көмекшісі, аудандық сот төрағасы, аудандық мәслихаттың хатшысы, **С. Жүнісов**, аудандық статистика бөлімінің меңгерушісі **К. Беколатов**, аудандық ақсақалдар алқасы мен аудандық ардагер-кеңесінің төрағасы **О. Алматы** — оұл бағытта аналардың өтініш талаптарының орынды екендігін айға келіп, бала төрөнесіндегі, жалпы тәртіптік төңірегіндегі кемшін тұстардың орын алуына тосқауыл қоюдың қажеттігін атап көрсетті. Кездесуде аудан әкімі жәрдемақы төлеміндегі салада қордаланған мәселелердің шешілуі негізінен респуболикалық деңгейде шешілетіндігін, ал аудан бойынша өркімнің мына жаз айларында тырбанып еңбек етіп, көкөніс өсіріп, балық аулап, отын мен шөбін дайындап жұмылған бес саусақтай ұйымдасып іске кірісудің қажеттігіне жиналғандар назарын аударды.

Кездесу ашық әңгіме, өзара түсінік алысқан, ортақ түйінге келген жағдайда өтті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН.

17-18-19 МАУСЫМ
АРАЛЫҒЫНДА
ТОРҒАЙ
ҚАЛАСЫНДА
ДӘСТҮРЛІ
АУДАНДЫҚ
«ТОПЖАРҒАН»
СПАРТАКИАДАСЫ
ӨТЕДІ